

Қылышбай Омаровтың атына көше атын беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті әкімінің 2010 жылғы 21 желтоқсандағы N 1178 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 18 қаңтарда N 10-7-128 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағын, "Әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағын және аудандық онамастикалық комиссиясы мәжілісінің 2010 жылғы 27 қазандағы N 3 хаттамасын орындау мақсатында **ШЕШЕМІН:**

1. Жаңақорған кентіндегі " Ипподром-11 " көшесі Социалистік Еңбек Ері " Қылышбай Омаровтың" атындағы көше болып берілсін.

2. Осы шешім әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді, ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

КЕНТ ӘКІМІ

А. ИБРАГИМОВ